

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



ТҰРДАН- ҚАЗАЛЫ

№100
(2375)
Сәрсенбі
16 желтоқсан
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖЫЛ ҚОРТЫНДЫСЫ: ӘЙЕЛ-АНАЛАР – ТАТУЛЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен аудан әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссияның «ҚОҒАМ. ОТБАСЫ. ӘЙЕЛ» атты жылды қорытындылау шарасы өтті.

Руханият орталығында өткен нәзік жандылардың қортынды шарасына ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова мен еңбек ардагерлері, аудандық мәслихаттың депутаттары, әйелдер кеңесінің төрайымдары, және аудандағы әрбір салада жемісті еңбек етіп жүрген әйел азаматтар қатысты.



бұйымдарының, кондитерлік және тамақ өнімдерінің көрмесін тамашалады.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өткізіліп

аудан көлемінде нәзік жандылардың қатысуымен жүзеге асып жатқан игі жұмыстарды, әйел адамдардың қоғамдағы рөлі жайында сөз қозғады.

ұлттық, отбасылық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді дәріптеу бағытында өңірде атқарылып жатқан жұмыстар жайында айтып өтті. Сондай-ақ Райкүл Мансұрқызы қазалылық әйел-аналардың, қыз-келіншектердің қайсыбір салада болмасын үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүргенін тілге тиек етті.

Мұнан соң аудандық Әйелдер кеңесінің төрайымы Роза Шорақызы мен Аналар кеңесінің төрайымы, аудандық мәслихаттың депутаты Шәкизада Келімбетқызы кеңестердің жыл бойы атқарған жұмыстары туралы сөз қозғап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Қазалы ауданының Құрметті азаматтары: Ажаркүл Сейділдақызы, Бибісара Әбиқызы, Құралай Бекжанқызы, ардагер ұстаз Ғалия Орынбасарова және басқа да әйел-азаматтар еліміздің және өңірдің дамуы мен өркендеуі жолында табысты еңбек етіп

жүрген азаматтардың амандығын тілеп, ізгі лебіздерін білдірді.

Шарада ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып жүрген бірқатар әйел – аналарға облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының, облыс әкімі орынбасарының және аудан әкімінің «Алғыс хаттары» табысталды. Ал, саналы ғұмырында құрылыс саласында еңбек еткен нағыз еңбек адамы Рысқұл Бекжанова мен медицина саласының ардагері Әсия Ізтілеуге ауданның ең жоғары марапаты – Қазалы ауданының «Құрмет» грамотасы табысталып, халқымыздың игі дәстүріне сай камзол мен жаулық жабылды.

Шара соңында Әйел-аналардың құрметіне аудандық мәдениет өнерпаздары әуелете ән шырқады.

Айта кетейік, бүгінде ауданда 80 мыңға жуық тұрғындар болса, оның 41581-ін нәзік жандылар құрайды. Әйтеке би кентінде 25712, Қазалы қаласында 3760 және ауылдық округтерде 12109 әйел бар. Оның ішінде алтын алқа 694, күміс алқа 1152, көп балалы аналар саны 3546.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ауданда түрлі саладағы қызметкерлер саны 12 мыңнан асса, оның жартысына жуығын әйел адамдар құрайды. Басшылық қызметте еңбек етіп жүрген әйелдер саны 30-дан астам. Аудандық мәслихаттың депутаттарының 2-еуі әйел адамдар.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі



Шара басталмас бұрын қонақтар алдымен орталықтың фойесінде ұйымдастырылған кәсіпкер әйелдердің қолдан жасаған

отырған қорытынды шарада аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы алдымен жиынға қатысушыларды алда келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап,

Аудан басшысынан кейін сөз алған облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова отбасы құндылықтарын насихаттауда және

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТҰҒЫРЛЫ БОЛҒАЙ



Тәуелсіздік бабалардың ұраны, Бейуақытта бойға таққан тұмары.

Тәуелсіздік – түнектерде тұншығып,

Ызғар болып жанбай қалған шырағы.

1991 жыл біздің еліміз үшін «Қазақстан» деп әлемге алғаш қадам басып, шекарамызды шегендеп, әлемге танылған жыл. Бүгінде сол сәбидей қадам басқан еліміз әлем сахнасында ойып орын алып, мақтанарлықтай беделге ие мемлекеттер қатарына қосылдық.

Тәуелсіз ел болғанымызға 34 жыл өте шықты. Әрине тарих үшін аз ғана уақыттың ішінде жас мемлекетіміз көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді.

Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес, тәңірдің берген тартуы. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке барлық қиындықты артқа тастап жетті. Тәуелсіздік жолында ата-бабаларымыздың қаны мен тері төгілді. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтау үшін қанша адам өз жандарын пидә етті. Осынау ұлы жеңіске қол жеткізуде кешегі тарихи ақтаңдақтармен бірге, әлі бояуы сіңе қоймаған, құпиясы толық ашылмаған Желтоқсан оқиғасының да септігі аз болған емес. Бұл азаттықты аңсаған елдің сенімі мен жігерінің арқасы.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі десек артық болмас. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні — ең қадірлі күн. Тәуелсіздік күні – Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Азаттықты аңсаған елдің түпкі мақсатының

орындалып, бүгінгі Қазақстан Республикасы өз мемлекеттігін бұдан 34 жыл бұрын жариялаған болатын. Осы күнге жету үшін қазақ елі небір ұмытылмастай оқиғаларды еңсере білді. Ұлт — азаттық көтерілістері, елді қорғау соғыстары, рухы қайтпайтын табандылық, өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде мәңгі есте сақталуы тиіс.

Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қасиетті де қымбат ештеңе жоқ. Көршілес жатқан елдер мемлекеттігін қорғау үшін, жерін сақтау үшін жан аямай сезініп, жатқанда елімізді аялап, қазақтың мықтылығын көрсете білуіміз керек.

Еліміз құқықтық, дербес демократиялық мемлекет ретінде әлемге танылды. Әлемдік қауымдастық мойындады. Қазір еліміз өрлеу, өркендеу жолында алға қарай берік қадам басуда.

Көк туының биікке желбіреуі, еліміздің қол жеткізген жетістіктерінің арқасында екенін ұмытпауымыз керек. Ендігі жеңіс те, ерлік те біздің қолда.

Иә, білім мен білік жолын таңдаған жас ұрпақ. Біздер жастарға сенім артуымыз керек.

Ата — бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіз ел болу мәртебесін көру — бүгінгі ұрпаққа бұйырған бақыт деп білемін. Егеменді еліміздің еңсесі биікке көтеріліп, ауыл, селоның өркендеп келе жатқанына куә болып отырмыз. Тәуелсіздік - тәу етер жалғыз киеміз, ұлы мақсаттарға жол бастар темірқазығымыз, халқына күш-қуат берер күн шуағымыз. Еліміздің маңдайына біткен елдігіміз бен берекеміз бірілігімізді, баянды тірлігімізді көздің қарашығындай сақтайық.

**Гүлшахар
МҰРАТБАЙҚЫЗЫ**

ӘРБІР ТҰРҒЫННЫҢ МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кезектілік тәртібімен жазылған аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Жеке қабылдауға келген тұрғындар аудан әкіміне ұсыныс-тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауға жазылған азаматтардың басым көпшілігі тұрғын үй кезегіне қатысты мәселелерін айтса, енді бірі тұрақты жұмысқа орналыстыру жөнінде талаптарын жеткізді.

Аудан басшысы келушілердің мәселелеріне жеке тоқталды. Алдымен тұрақты жұмыс сұрап келген азаматтарға кәсіпкерлік нысандар мен мекемелерден түскен сұраныс бойынша бос жұмыс орындарын ұсынды. Тұрғындардың өтінішіне сай мамандығына сәйкес және қоғамдық жұмысқа орналасу бойынша жауапты бөлім басшыларына заң шеңберінде

барлық мүмкіндіктерді қарастыруды тапсырды. Ал тұрғын үй қажеттілігімен келген адамдарға өңірдегі тұрғындарды баспанамен қамту әр санат бойынша кезектілікпен жүргізілетіндігін түсіндірді.

Аудан орталығында кейбір көшелерге жөндеу жүргізіп, жарықтандыруды сұраған азаматтардың өтініші бойынша, аудан басшысы сол аймақтарға өзі барып көретінін айтты.

Ал, зерттеуді қажет ететін мәселелер тікелей өзінің және мамандардың жіті назарында болатынын, әрбір мәселенің себеп-салдары зерттеліп, шешімі заң талаптары шеңберінде қарастырылатынын жеткізді.

Айта кетейік, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАРИХТЫҢ АЛТЫН ПАРАҒЫ

Қазақстан тәуелсіздігі – халқымыздың мыңжылдық арманын орындаған, елдің азаттығы мен еркіндігін айқындаған тарихи күн. 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ң мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң – мемлекеттілігіміздің жаңа дәуірінің бастау нүктесі болды. Бұл күн – халқымыздың тарихы мен тағдыры түбегейлі өзгерген сәт, егемендікке деген сенім мен жігердің жеңісі.

Тәуелсіздік – оңай келген олжа емес. Ол – ғасырлар бойғы күрестің, намыстың найзаға шаншып, елдігін сақтаған бабалардың рухты аманаты. Қазақтың кең даласын қорғаған батырлар, елдігін сақтаған билер, ұлт рухын асқақтатқан зиялылар – барлығының арманы бүгінгі ұрпаққа тәуелсіз мемлекет болып жетті.

Егемендіктің алғашқы жылдары Қазақстан үшін сындарлы кезең болды. Экономика дағдарысы, өндіріс тоқырауы, жұмыссыздық – жас мемлекеттің алдында қиын міндеттер тұрды. Дегенмен халықтың бірлігі, ұлттың төзімі мен алға ұмтылысы Қазақстанды жаңа бағытқа жетеледі. Мемлекеттік шекара анықталып, ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілді, мемлекеттік рәміздер қабылданды. Бұл қадамдар елдің саяси және экономикалық дербестігін нақтылап,

әлемдік қауымдастық алдында Қазақстанды толыққанды мемлекет ретінде танытты.

Тәуелсіздік жылдары ел жаңа астана салды, экономикалық даму қарқынын арттырды, білім мен ғылымға жол ашты. Халықаралық ұйымдармен байланыс нығайтып, Қазақстан жаһандық бейбітшілік пен татулықты насихаттайтын мемлекет ретінде танылды. Еліміз әлемдік деңгейдегі ірі кездесулер мен форумдарды қабылдап, халықаралық сенімге ие болды.

Экономикалық өрлеумен қатар, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға ерекше мән берілді. Қазақ тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген құрмет артты. Тәуелсіздік – ұлт болмысын қайта түлетіп, ұлттық рухты қайта оятқан кезең болып тарихта қалды.

Бүгінде Қазақстан – іргесі берік, бағыт-бағдары айқын, болашағына нық сеніммен қадам басқан мемлекет. Еліміздің тыныштығы, ұлт бірлігі, қоғамдық келісім – Тәуелсіздіктің ең басты тіректері.

Тәуелсіздікті құрметтеу – оны сезіну мен бағалаудан басталады. Бұл тек мереке емес, әр қазақтың жүрегіндегі қасиетті ұғым. Ата-баба аманаты ретінде бізге жеткен азаттықты сақтау – бүгінгі және келер ұрпақтың қасиетті парызы.

**Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**

АУЫЛДАҒЫ ӨЗГЕРІС ПЕН ӨРЛЕУ

«Құмжиек» ауылдық округі – Қазалы ауданындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды елді мекендердің бірі. Қ.Пірімов, «Тапа», «Қожақазған» және «Мәдениет» ауылдарын біріктіретін округте ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, жол және инфрақұрылым салалары, білім мен мәдениет бағытында бірқатар нақты істер атқарылды. Округте жүргізіліп жатқан жұмыстар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және елді мекеннің дамуына бағытталған нақты нәтижелер көрсетті.

Біз «Құмжиек» ауылдық округінің әкімі Әділхан Әбіловпен әңгімелесіп, атқарылған әкімнің жұмыстар, жеткен жетістіктер және алдағы жоспарлар туралы егжей-тегжейлі хабар алдық.

-Алдымен округтің жалпы бүгінгі мен биылғы 9 айдағы негізгі көрсеткіштеріне тоқталып өтсеңіз деп сұрадық.

– «Құмжиек» ауылдық округі соңғы жылдары тұрақты даму жолына түсті деп нық айта аламын. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ауыл ішілік инфрақұрылымды күшейту, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығын қолдау – біздің күнделікті жұмысымыздың өзегі. Биылғы 9 ай ішінде округте бюджет қаржысы уақтылы және тиімді игерілді, жоспарланған әлеуметтік жобалардың басым бөлігі орындалды. Әсіресе жол салу, жарықтандыру, ауыз су жүйесін тұрақтандыру

бағытында нақты істер атқарылды. Халықпен кездесулер мен қабылдаулар жиі ұйымдастырылып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескеріліп отыр. Яғни, биылғы жыл – нәтиже мен нақты жұмыстың жылы болды деп толық айта аламын.

– Ауыл шаруашылығы саласындағы қазіргі ахуал қандай? Биыл қандай жұмыстар атқарылды?

– Ауыл шаруашылығы – округтің негізгі тірегі. Биыл егін науқаны жоспарға сай өтіп, ауылдағы шаруа қожалықтары егін, мал шаруашылығы бағытында белсенді еңбек етті. Су тапшылығына қатысты қиындықтарға қарамастан, қолданған технологиялар мен су үнемдеу тәсілдерінің арқасында өнім көлемін сақтап қалдық. Мал басы да тұрақты өсім көрсетіп отыр. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары арқылы шаруаларымыз техникаларын жаңартып, мал басын көбейтуге мүмкіндік алды. Жергілікті ветеринариялық қызмет күшейтіліп, малға жүргізілетін профилактикалық шаралар уақтылы атқарылды.

– Кәсіпкерлік бағытында қандай өзгерістер бар? Жаңадан кәсіпкерлер тіркелді ме?

– Иә, кәсіпкерлік бойынша да өсім бар. Биыл округте жаңа шағын бизнес нысандары ашылып, жұмыс орындары көбейді. Сауда орындары, қызмет көрсету орталықтары, шағын цехтар – ауыл экономи-

касына серпін беруде. «Кәсіпкерлік бастауы», «Ауыл аманаты» жобалары ауыл азаматтарының қызығушылығын туғызып, бірнеше тұрғын жеңілдетілген несие алып, өз кәсібін бастады. Бұл тек экономикалық табыс емес, ауылдағы әлеуметтік тұрақтылыққа да оң әсер етеді.

– Инфрақұрылым саласы бойынша қандай нақты жұмыстар жүргізілді?

– Инфрақұрылым – тұрғындар күнделікті сезетін ең маңызды бағыт. 2025 жылдың 9 айында бірқатар көшелерге жөндеу жұмыстары жүргізілді, жарықтандыру жүйесі кезең-кезеңімен жаңартылды. Ауыз су мен кәріз жүйесіндегі ақауларды реттеу үшін арнайы бригадалар жұмыс істеді. Сонымен қатар, интернет желісін жақсарту, байланыс сапасын арттыру бағытында операторлармен бірлескен шаралар жүзеге асты. Бұл әсіресе жастардың білім алуына, қызмет көрсету



мен кәсіпкерлердің де меушілігінің арқасында ауылда үлкен мешіттің құрылысы бастау алды.

– Білім және медицина салаларындағы жұмыстар жайлы айтсаңыз?

– Мектептердің материалдық-техникалық базасы жаңарып келеді. Робототехника кабинеттері,

ралар жүзеге асты?

– Әлеуметтік қолдау – біздің ең маңызды міндеттеріміздің бірі. Аз қамтылған, көпбалалы, әлеуметтік осал топтағы тұрғындарға мемлекет тарапынан берілетін барлық төлемдер уақтылы жеткізіліп отыр. Сонымен қатар, округ әкімдігі тарапынан да үнемі көмек көрсетіліп тұрады: көмір, азық-түлік, тұрмыстық қажеттіліктер бойынша қолдау көрсетілген отбасылар бар. Жастарды жұмыспен қамту, қоғамдық жұмысқа тарту шаралары да жалғасуда.

– Алдағы уақыттағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

– Біздің басты мақсатымыз – «Құмжиек» ауылдық округін жан-жақты дамыған, тыныс-тіршілігі тұрақты, инфрақұрылымы жүйелі ауылға айналдыру. Келер жылы жолдарды толық жөндеу, ауыл ішілік көшелерді жарықтандыруды жалғастыру, спорт және мәдени нысандарды жаңарту жоспарымызда бар. Ауыл шаруашылығы саласына жаңа технологияларды енгізу, кәсіпкерлікті қолдау жалғасады. Ең бастысы – халықпен тығыз байланыс орнатып, әрбір тұрғынның ұсынысы мен мәселесін назарда ұстай береміз.

-Уақыт бөліп сұхбаттасқаныңызға көп рахмет! Жұмысыңыз табысты болсын!

**Әңгімелескен
Ұлпан
ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**



сапасына оңықпал етеді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта ауыл тұрғындары

спорт жабдықтары алынып, оқушылардың дамуына жағдай жасалуда. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары да тұрақты жүргізіледі.

Ал, медицина саласына келсек, ауылдық дәрігерлік пункт қажетті препараттармен қамтамасыз етіліп, тұрғындарға алғашқы көмек көрсету сапасы артты. Скринингтік тексерулер жүргізіліп, жүкті аналар, балалар, созылмалы аурулары бар азаматтар назарда ұсталады. Дәрігер мамандарды тарту бойынша да жұмыс жүргізілуде.

– Әлеуметтік қолдау бағытында қандай ша-



ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН АСҚАН СЫЙ ЖОҚ

Дүниеде тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам жоқ. Қасиетті де, қастерлі, бейнетті жолдағы тынымсыз күрес ешқашан тоқтаған емес. Қазақ елі тарихтың қатпарлы кезеңіндегі осы күресте бірде жеңді, бірде жеңілді. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз – тек бүгінгі ұрпақтың ғана еңбегі емес, ата-бабамыздың сан ғасырлық күресінің нәтижесі.

Осыдан отыз төрт жыл бұрын, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Жоғарғы Кеңесі халықтың еркін білдіре отырып, өзін-өзі айқындайтын құқықтық мемлекет құру үшін бейбіт саясатты жүзеге асыра отырып, Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Ата заңда: «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өз аумағында толыққанды билік жүргізе алады, ішкі және сыртқы саясатты дербес анықтайды», - делінген. Демек, Қазақстанның өз еркімен халықаралық аренаға шығуға, болашаққа барлық өркениетті елдер жүрген жолмен қадам басуға заңды құқығы бар.

XXI ғасырда біздің халықтың басынан өткерген қиямет-қасіреті көп болды. Осы аласапыран ғасыр аяқталар тұста еліміз ата-баба аңсаған киелі

тәуелсіздікке қолжеткізді. Мұнда желтоқсанда бас көтерген қыршын жастарымыздың үлесі бар деп ойлаймын. Қазақ халқы құрып кетуден аман қалды, тәуелсіздігін алып, іргелі Түркі елдерінің қатарына қосылды. Әлемдік қауымға, терезесі тең мемлекеттер қауымына мүше болды. Ендігі тілек, басты мұрат – қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейілінше бекем болу керек. Қазіргі таңда Қазақстан халқы бейбітшілікті сақтап, ел экономикасын көтеру үшін ұйымшылдықпен еңбек етуде. Қазақ ұлтының баға жетпес байлығы – тілі мен төл мәдениеті тәуелсіздікпен бірге түлеп, өсіп келеді. Асыл қазына – ұлттық салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, рухымыз биіктеді. Еліміздің и н д у с т р и я л ы қ - инновациялық экономикасы жаңа бағытқа көшті. Қазақстанның ядролық қауіпсіздік, мәдениеттер мен діндердің үнқатысуын нығайту, жаһандық деңгейде келіссөздер жүргізу идеяларын әлемдік ұйымдар қолдап, жоғары бағалады. Мұның бәрі тәуелсіздіктің табысы, халық еңбегінің жемісі. Қорыта айтқанда тәуелсіздіктен асқан бақыт жоқ, еліміз тыныш аман болғай. Жаңа Қазақстан жанданып, еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болсын!

**Эльмира
ТЛЕУБЕРГЕН,
№276 орта
мектептің мұғалімі**

●Хабарландыру

2025 жылдың 19 желтоқсан күні сағат 17:00-да Қазалы аудандық мәслихатының кезекті XXXXVIII сессиясы шақырылады және сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. 2026-2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы.
2. Қазалы аудандық мәслихат төрағасының жыл көлемінде атқарған жұмыстары туралы есебі.
3. Қазалы аудандық мәслихатының «Әлеуметтік, мәдени, құқық қорғау және жастар саясаты» жөніндегі тұрақты комиссияның есебі.
4. Қазалы аудандық мәслихатының жұмыс жоспарын бекіту.
5. Ағымдағы мәселелер.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық – бүгінгі күні әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да, өзекті мәселе болып отыр. Бұл – мемлекеттің экономикалық дамуына, саяси тұрақтылығына және қоғамның дамуына үлкен кедергі келтіретін теріс құбылыс.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – лауазымды қызметкерлердің өз қызметтік өкілеттіктерін жеке пайда табу үшін пайдалануы. Бұл – пара алу, пара беру, қызметтік өкілеттіктерді асыра, қызметтік лауазымды теріс пайдалану және тағы басқа түрінде көрініс табуы мүмкін.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағытта бірқатар шаралар қабылданып, заңнамалық база жетілдірілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғамның белсенділігі мен азаматтардың жауапкершілігі маңызды рөл атқарады. Әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өз үлесін қоса алатындығын ұмытпауы керек.

Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті.

Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз баршылық. Ал, шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық.

Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу - олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу бар-

ша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауір төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр.

Бүгінгі таңда, «Тасарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бастап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (facebook,) мақалалар үнемі жарияланып және де көрнекі құралдар (бильбордтар) ілініп түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отыр.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызметтер «elicense.kz», «e-otinish» веб порталы арқылы электрондық түрде қабылданып, заң шеңберінде қаралып жауап беріледі.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

**Олжас АБАТ,
«Тасарық» ауылдық
округі әкімінің
міндетін уақытша атқарушы**

**Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.